



010000, Нұр-Сұлтан қ., Қабанбай батыр даңғ. 19, «А» блогы
Тел.: 8 (7172) 78-69-81, факс: 8 (7172) 78-69-43
E-mail: kence@energo.gov.kz

010000, г. Нур-Султан, пр. Кабанбай батыра 19, блок «А»
Тел.: 8 (7172) 78-69-81, факс: 8 (7172) 78-69-43
E-mail: kence@energo.gov.kz

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына
(тізім бойынша)**

*2020 жылғы 7 қазандағы
№ ДС-159 хатқа*

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі (*бұдан әрі – Министрлік*) Түркістан облысында елді мекендерді газға қосу мәселесі бойынша жоғарыда көрсетілген депутаттық сауалдарыңызды қарап, мынаны хабарлайды.

Бұл мәселе бойынша жұмыстар ҚР Президентінің (*2020 жылғы 12 ақпандағы*) және ҚР Премьер-Министрінің (*2019 жылғы 1 сәуірдегі, 2020 жылғы 14 тамыздағы*) тапсырмалары шеңберінде жүргізілуде.

2019 жылы мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қатысуымен тиісті Ведомствоаралық жұмыс тобы (*бұдан әрі – Жұмыс тобы*) құрылып, Түркістан облысына жұмыс сапары аясында елді мекендерде бірқатар газға қосылмаған нысандар анықталды. Атап айтқанда, нысандар құрылыс нормаларының талаптарын бұза отырып салынған, сондай-ақ нысандар бойынша құқық белгілейтін және атқарушылық-техникалық құжаттамалар жоқ.

Сонымен қатар, қолданыстағы Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы заңнамаға сәйкес сәулет-құрылыс бақылау мен қадағалауды құрылыс нысандарына бару, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы, құрылыс және мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылауы істері жөніндегі жергілікті атқарушы органдардың қызметін бақылау арқылы сәулет, қала құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті орган жүзеге асыратынын атап өту қажет.

Бұл ретте, Жұмыс тобының тексеру қорытындысы бойынша тиісті актілер әзірленіп, олардың негізінде Түркістан облысының әкімдігі (*бұдан әрі – Әкімдік*) ескертулерді жою бойынша жұмыстар жүргізуде. Бүгінгі күні Әкімдіктің Министрлік және «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-мен бірлесіп жүргізген жұмыстарының нәтижесінде 55 елді мекенде газ тарату желісі мен жеткізуші газ құбырының 64 нысаны газға қосылды.

Газға қосылмай қалған елді мекендер облыс аумағында орналасқан тиісті автоматтандырылған газ тарату станциялары (*бұдан әрі – АГТС*) іске қосылғаннан кейін табиғи газ жүйесіне қосылатын болады.

Осыған орай, АГТС-тердегі («Қызылжар», «Таскескен», «Жібек Жолы», «Жаңақоғам», «Қақпақ», «Ескі Иқан», «Қызыләскер») кемшіліктерді жою үшін Әкімдік тарапынан облыстық және аудандық бюджеттерден қаражат қарастырылып, іске қосу бойынша жұмыстар жалғасуда. 2020 жылғы екінші жартыжылдықта атқарылған жұмыстардың нәтижесінде:

- Сайрам ауданындағы «Жаңақоғам» АГТС-те және Отырар ауданындағы «Қызылжар» АГТС-те ақаулар толық көлемде жойылып, газға қосылды. Аталған АГТС-терге қарасты елді мекендерді қосу мәселесі де пысықталып жатыр.

Сонымен қатар, COVID-19 вирусына қарсы карантиндік режимнің енгізілуіне, сондай-ақ Мақтааралы ауданындағы оқиғаларға байланысты нысандарды газға қосу мерзімдерінің ауыстырылғаны Өздеріңізге белгілі. Алайда, бұл жағдайларға қарамастан нысандарды газға қосу бойынша тиісті жұмыстар жалғастырылып жатар.

Осыған байланысты, елді мекендерді газға қосу мәселесі Министрліктің қатаң бақылауында екенін хабарлаймын.

Министр

Н. Ноғаев

Қаулбаев Батырхан

☎ +7 (7172) 78-68-39

b.kaulbaev@energo.gov.kz